

**КӘСІПКЕР БОЛЫП
ТУЫЛАДЫ МА,
ӘЛДЕ БОЛАДЫ МА ?**
БИЗНЕС ДАҒДЫЛАР ТУРАЛЫ





**КӘСІПКЕР БОЛЫП
ТУЫЛАДЫ МА,
ӘЛДЕ БОЛАДЫ МА?
БИЗНЕС ДАҒДЫЛАР
ТУРАЛЫ**

**Суреттеген
Мубарова Айнур**

**Астана
2023**

УДК 159.9
ББК 88.1
П 37

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығымен ұсынылған

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясымен ұсынылған

Автор: Айтмухамбетов Е.А

Кәсіпкер болып туылады ма, әлде болады ма? Бизнес дағдылар туралы – Астана: «Bilim Foundation» КҚ, 2023. – 52 б.

ISBN 978-601-7638-21-4

«Кәсіпкер болып туылады ма? Бизнес дағдылар туралы» кітабында психологиялық аспектілердің құрылуы және өзінің жұмысын жүргізуі қарастырылады. Жетістікке жететін кәсіпкерлікті құру үшін керекті қабілеттер сипатталады. Оқиғаларда жасөспірімдер өздерінің ойлары және уайымдарымен бөлісіп, сонымен қатар өздерінің істерін құрған кездегі қиындықтары туралы айтып береді.

Кітап қосымша жетекші ақпарат ретінде жасөспірімдер мен олардың ата-аналарына арналған және де мектеп психологтары әдістеме ретінде қолдана алады.

УДК 159.9
ББК 88.1
П 37

ISBN 978-601-7638-21-4

© «Bilim Foundation» корпоративтік қоры
*Кітаптағы ақпаратты қолдану кезінде кітапқа сілтеме көрсету міндетті.
Барлық құқық авторларға тиесілі, құқық иесінің жазбаша рұқсатынсыз кітаптағы ақпаратты және объектілерді көшіру, тарату немесе басқа мақсатта қолдануға тыйым салынады.*

Табысты кәсіпкерлік екі бір-біріне ұқсамайтын қасиеттерді қажет етеді, олар: ұқыптылық және ынта.

Джон Стюарт Милль

Өзіңіздің жаныңызға жақын айналысатын дүние іздеңіз және оны сізге табыс алып келетіндей етіңіз.

Харви Маккей



МАЗМҰНЫ

Қымбатты досым!.....	7
Менің бастауым.....	9
Психолог жазбалары.....	15
Кәсіптегі бірінші сабақ.....	18
Психолог жазбалары	24
Тұқым немесе маймыл кірпіштері?.....	26
Психолог жазбалары.....	44
Бұл саған керек болып қалуы мүмкін.....	48
Ата-аналар мен қамқоршылардың назарына.....	49
Авторлар мен суретші жайлы.....	51



Қымбатты досым!

Қазіргі таңда адамдардың барлығы дерлік өз істерін ашуға қызығушылық танытады. Көбіне өзіне ғана жұмыс жасап, еркін күн тәртібі әрі өзі мен өзінің шешімдеріне ғана тәуелді болу ойы қызықтырады. Сонымен қатар жасөспірімдердің көбі де өз істерін бастап, табыс тауып немесе әдеттегі жұмысқа тұрмауды қалайды. Алайда жеке істерді түсінуіміз керек, олардың өзіндік қиындықтары да бар.

Кәсіпті ашу үшін туылғанынан бойында бар немесе жұмыс жасалған нақты қасиеттердің де бар болғаны маңызды. Әсіресе, кәсіп үшін қаншалықты ауқымды жұмыс жасауға дайын екеніңді бағалау маңызды. Адамдармен қарым-қатынасқа түсуді үйрену, өз уақытыңды ұйымдастыру, салымдарды тарту, тәуекелдерді есептеу және т.б дүниелерді ескеру қажет болады. Осындай барлық қабілеттерді уақыт өте келе тәжірибе арқылы үйреніп алуға болады, бірақ күмән тудыратын және қателіктер арқылы үйренетін кездерге де дайын болуың қажет.

Сонымен қатар сенің кәсібіңнің ашылуы және ондағы жұмыс барлық адамның қолынан келе бермейді, осыны есте сақтау маңызды. Біреуге ұжымда жұмыс жасаған ыңғайлы және оның жұмыс үдерісінің ұйымдастырылуы және жүргізілуіне қамқорлық танытқысы келмейді. Жұмысқа тұру және өз ісін ашу, адамның бұл екеуінің арасындағы таңдауы ерекшеліктері, мақсаттары мен құндылықтары және қалауына байланысты болады. Екі нұсқа да өте жақсы, тек біреуге көбірек, біреуге азырақ сәйкес келуі мүмкін.

Өз ісін ашуға бел буған адамдар үшін бәрі жоспар бойынша жүрмей жатқанда сабырлық пен жақындарының қолдауы аса қажет. Өз ісін ашу көбірек еркіндікті қажет етеді және өз жеке ойларыңды біреудің қол астында жұмыс жасамай, іске асыра алтыныңды білу сені қуаттандыруы мүмкін. Алайда кәсіпкерлік жағымен қолма-қол жағымды жүретін міндеттерді де естен шығармау қажет. Өзіңе қаражат, ұжым, мекеме және жобаның қозғалуы үшін жауапкершілік алуға дайын болуың қажет.

«Кәсіпкер болып туылады ма, әлде болады ма?» кітабында өз істерін ашуды шешкен жасөспірімдердің үш оқиғасы баяндалады.

Оқиғаларда соқтығысқан мәселелері және қиындықтарымен, оларды қалай жеңгендері туралы айтылады.

Егер өз ісінді ашарда қандай мәселе туындайтыны, қандай эмоциональды қиындықтар орын алатынын, әр кәсіпкер үшін қандай қасиеттер маңызды екенін білгің келсе, бұл кітап сен үшін. Мұнда жағдайлардың даму мысалдары мен психолог маманының кеңесін таба аласың.



— *Менің бастауым* —

Менің есімім Алия. Мен он бес жастамын және тоғызыншы сыныпта оқимын. Оқумен менде ешқашанда мәселе туындамаған. Мектепте болса әлеуметтенген белсенді адаммын. Мен әртүрлі іс-шараларды ұйымдастырып және оларға қатысқанды жақсы көремін.

Отбасымызда біз төртеуіміз. Мен, анам мен әкем және менің үлкен ағам – Аслан. Ол университетте оқиды. Аслан – ең көңілді және мен білетіндердің ішінде өмірге құштар адам. Үйге әркез келген сайын ол бізге университетінде қалай қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастырғандарын айтып беретін.

Мен оны әрқашан қызығушылықпен тыңдайтынмын. Өйткені мен қашанда адамдарға көмек бергім келетін. Барлық қариялар, үйі жоқтар, балалар үйінің балаларына көмек бергім келетін. Келешекте тіпті дәрігер боламын деп те ойладым.

Бірақ менің мектебімде ағамның оқу орнындағыдай еріктілер клубы болған жоқ. Мен қалада көмекке зәру жандарға қол ұшын созатын коммерциялы емес, осыған ұқсаған мекемелер көп екенін білетінмін. Бірақ көбі он бес-он алты жастағы мектеп оқушыларына сенбейді.

Бір рет үстел басында отырып ағам олардың кезекті іс-шаралары қалай өткені туралы айтып жатты:

- Біз университетте көрме жасап, кеш өткізіп және көп заттарды сатып жібердік. Біздің қыздар донерлер мен бургерлер дайындап, басқалары өздерінің қолдарымен жасаған әшекейлерді, түрлі кітаптар мен тілек жазуларын сатып жатты. Біз тағы кеш ұйымдастырып, ол үшін демеушілерді таптық. Және билеттерді саттық. Жалпы, бізде екі жүз елу мың шықты.

Осы жерде мен таңғалғанымнан ағам және оның достары үшін мақтанышымды ұстай алмай:

- Вау, қалай көп! Ал сендер кімге көмек бересіңдер?

- Біз балаларына киім-кешек сатып ала алмай жүрген бірнеше отбасыларды таптық. Жақында қыс түседі, кішкентайлардың тіпті күртешесі де жоқ екен. Демалыс күндері базарға барып оларға жылы киімдер аламыз.



Осы сәтте мен, неге екенін білмеймін, қатты қуандым, өйткені көмектесу арқылы өзіңе қуат пен сарқылмас жағымды көңіл-күй аласың. Оның сөздері маған әсер еткені соншалық – өзімде қатысқым келіп кетті. Және одан бірден мені өзімен бірге алып кетулерін сұрадым.

Міне, демалыс күндері де келіп қалды. Ағамның өзінің көлігі бар еді. Жолдан ағамның бір-екі достарын алып кетіп базарға бардық. Мен алуымыз керек заттардың тізімін ұстап жүрдім. Сатушы да өте мейірімді жан болып шықты. Біз ол кісіге бұл күртешелерді жағдайы жоқ отбасыларға таратамыз деп айттық. Сосын ол бізге үлкен жеңілдік жасап берді.

Кейін аяқ киім алуға бардық. Енді тек қолғаптар мен бас киімдерді алу ғана қалды. Ал қалған ақшаларға мен балаларға тәттілер сатып алуды ұсындым.

Біз бірінші үйге келгенімізде есікті кішкентай бала ашты. Біз оған аяқ киім, күртеше және басқаларын сыйладық. Ол сондай бақытты болды және сүйкімді болып ұялды. Анасының артына жасырынып қалды. Ол кісі бізге үлкен алғысын білдірді. Сосын бізге бірге шәй ішуді ұсынып, көңілі босап, жылап жіберді. Сол кезде мен шыныменде пайдалы істі жасап жатқанымызды сездім. Ондай сезімді сипаттау қиын.

Әр үйге келгенде кішкентай балалар мен ата-аналары бізге сондай керемет алғыстарын білдірді. Жақсы істермен айналысу – ол керемет сезім. Маған үлкендер мен кішкентай балалардың жүздерінен мейірімді күлкілерін көру сондай рахат сезімді алып келеді.

Осыдан кейін мен ағама:

- Менде осылай сен сияқты барлығына көмектескім келеді. Аса үлкен еместігіме қарамастан. Бірақ оны қалай жасай аламын? Біздің мектепте сенікіндей клуб жоқ, – дедім.



- Біздің қалада бірнеше мекемелер бар, сен солармен жүрсең болады.

Ағам берген барлық нөмірлерге хабарласып шықтым. Бірақ тоғызыншы сыныпта оқитынымды білгенде, менен бас тартатын. Бұл көлемі жағынан үлкен жобалармен айналысатын үлкен компаниялар еді. Тіпті көлемі жағынан кіші компанияларда мектеп оқушыларына сенім білдірмейтін, олар бізге ештеңемен көмек бере алмайтындарын әрі жұмыс жасаушылар көп екенін жеткізетін.

Көңіл-күйім қатты түсіп кетті. Неге менің жасымдағы мектеп оқушыларының көмектесуге мүмкіндігі жоқ екен? Неге біз ерікті бола алмаймыз? Өйткені мен тек жақсы істер жасағым келеді. Бұл әділетсіздік сезімі менің көңілімді одан да қатты түсіріп және ашуыма тиді. Мен бұл жағдаймен келіскім келмеді және ойымыз бір жерден шығатын адамдарды тапқым келді. Өйткені жалғыз мен ғана осындай ойда емеспін ғой. Оның үстіне, жалғыз өзімінің қолымнан келмейтін еді. Маған адамдар керек еді, бірақ оларды қалай табарымды білмедім. Әрі қарай қалай боларымды да білмедім.

Мен ағамнан кеңес сұрайын деп шештім, өйткені әр бастартуларды ойлаған сайын мені үмітсіздік сезімі жұта бастады.

Сол кезде маған ағам былай деді:

-Ақыры сені ешқандай мекемеге алмаса, өз мекемеңді аш. Адамдарды өзің тап және іс-шаралар ұйымдастыр.

Ол маған ғаламторда ерікті болғысы келген әрбір мектеп оқушысы тіркеле алатындай кішігірім ұйымның парақшасын ашуды ұсынды. Басында ол мені мазақ етіп жатқан шығар деп ойлады. Мен қалай өзім толық ұйымды аша аламын? Бірақ Асланмен сөйлескен сайын ол мені қолымнан бәрі келетініне сендірді. Осы әділетсіздіктердің алдында жақсылық жасауға деген ниетіммен берілмеуім кішкене болсын көңілімді көтерді және сенімділігімді арттырды.

Менің ойларым барлығына ашық болғанын, кезкелген ерікті болғысы келген адам қатыса алғанын қаладым. Бірден мені қолдай алатын және еріктілер қатарына кіре алатын достарым туралы ойладым. Мен бұл оймен қатты қызығып, ата-анам мен ағамның көмегімен «Кішкене-еріктілер лигасы» мекемесін құрдым. Аслан маған менің мекемем туралы ақпаратты әлеуметтік желіде таратуға көмек берді. Маған оның көмегімен қолдауы аса көмегін берді.

Осылайша мен біраз адам жинадым. Осылай өзімді бақытты қылатын ісімді ашуға келіп, мен өзімнің кәсіпкерліктегі жолымды бастап кеттім. Қазір менің ойымда керемет ойлар көп және мен жаңа ісіммен өте қобалжулымын. Кейде өте қорқынышты болады, бірақ мен өзімді қиындықтардың алдында тоқтап қалмай, мүмкіндікті өзім құрғаныммен сергітетінмін. Егер бір нарсені қатты қаласаң, тек әрекет ету керектігін түсіндім.



ПСИХОЛОГ ЖАЗБАЛАРЫ

Бұл оқиға өзгелердің жетістікке жеткен үлгілері бізді бір дүниені құрумызға қалай қанаттандыратыны туралы болып табылады. Өйткені бізді шындығында жиі өзгелердің жетістіктері шабыттандырып, қанаттандырады. Қазіргі таңда біз әртүрлі салаларда жетістікке жеткен адамдарды бақылап, олардың тәжірибесін меңгеріп, сонымен қатар оларды жетістікке жеткізген қабілеттерін өзімізге қолдана аламыз. Мұндай ақпараттар фильмдерде, жазбалар мен оқытатын бейне роликтерде, кітаптарда өз бейнелерін тауып жатады. Және біздің де бұл ақпараттарға қолымыз жетеді.

Ол адамдардың жетістіктерінің нәтижелерімен шабыт алған біздер өзіміз туралы да ойлана бастаймыз. Сосын басымызда өз-өзімізбен сондай монолог құра бастаймыз:

Меніңде қандай да бір жетістікке қол жеткізім келеді ғой!

Менің ойымша, қолымнан келеді!

Мен кімнен кеммін?

Менде оларға ұқсаған адаммын!

Ал мен не істей аламын?

Не ойлап тапсам екен?

Бұл оқиғада біз басты кейіпкеріміздің шынайы қалауын, оның мақсатты бағыттылығын, көмек сұрай алу мен қолдау таба алу қабілетін және де өзіне деген сенімділігін көре аламыз. Бұл өз ісіңді жүргізу үшін керекті маңызды құрам болып табылады. Алайда бұл – кәсібіңнің жетістікке жетуін қамтамасыз ететін құрамның тек бір бөлігі ғана.

Кәсіп – бұл әрбір бұрышын меңгеруді талап ететін толық бір сала. Сондықтан кәсіпті құрған кезде өз ісіңнің қыр-сыры және әр қадамыңмен танысып алуың маңызды. Бұл дегеніміз – жетістікке жету жолы, оның жоспарлануы, тауар және қызметтер, қызметкерлерді таңдау және оларды қанаттандыру, тайм менеджмент және басқалары. Қазіргі таңда өз кәсібіңді ашуға арналған үйрететін курстармен ақпараттар ашық түрде жеткілікті.

ЗАПИСИ ПСИХОЛОГА

Ал қазір жетістікті қамтамасыз ететін психологиялық сәттер туралы сөз қозғайық. Олар неге маңызды? Неге қазіргі таңда кәсіптің тұлғасына көп көңіл бөлінеді? Жетістікке жеткен кәсіпкер дегеніміз кім екенін қалай түсінуге болады? Бізге түсінікті болу үшін жетістікке жеткен кәсіпкердің тұлғалық қасиеттерін тізім бойынша жалпы үлгі ретінде жазып шығайық.

Сонымен, кәсіпкер дегеніміз бұл:

- өз ісін құруға деген үлкен қалауы бар;
- өз күшіне сенетін;
- жақсы ойда жүретін;
- икемді;
- қоғамға қажетті және/немесе пайдалы тауар/қызметті ұсынады;
- өзінің жеке еңбегімен үлес қосатын;
- шешім қабылдай алатын;
- көсбасшылық қасиеті бар;
- сыртқы жағымсыз факторларға қарсы тұра алатын қасиеті бар;
- белсенділік танытатын;
- құрамды шешім қабылдай білетін;
- өз-өзін дамытумен айналысатын;
- өзіне қателесуге, одан сабақ алуға мүмкіндік беретін;
- өзінің уайымы мен қорқыныштарына мойынсынбайтын;
- және т.б. адам.

Бұл тізімді кәсіптің мазмұнына қарай шексіз жалғастыра беруге болады. Өз бойыңа керекті қасиеттерді жинап, қабілеттермен жұмыс жасауың қажет. Және бұл өзіндік дамуыдың үзіліссіз үдерісі болуы маңызды, өйткені ештеңе бір орында тұрмайды, кәсіптік дүниелердің барлығы даму үстінде, ол дегеніміз – жаңа бәсекелестердің пайда болуының мүмкіндігі жоғары. Сондықтан да жаңашылдықпен жармасып жүрген жөн. Жалпы, енді өз ісін бастап жатқан кәсіпкердің төрт даму деңгейі бар, олар:

1. Жеке кәсіпкер.
2. Менеджер.
3. Салымшы.
4. Көсбасшы.

ЗАПИСИ ПСИХОЛОГА

Жеке кәсіпкер деңгейінде адам өзінің бастапқы кәсіптік жолына қадам басады. Осы сәтте жеке кәсіпкерде мүмкіндіктері, қаражаттары, мақсаттары пайда болып, жетістікке жету жолының құрылымын ойластыра бастайды. Екінші деңгейде кәсіпкер өзінің қарамағына қызметкерлерді жинап, менеджер деңгейіне өтеді. Бұл деңгейге өту үшін өзінің жеке қалауларынан алыстау қажет. Бұл деңгейде кәсіпкер өзімен әрі қарай бірге жүретін, сенімді команда құра алу үшін өзінің ұжымымен дұрыс қарым-қатынас құруды үйренеді. Егер жағдай әр ай сайын табыс көбейіп және қызметкерлер бірігіп жұмыс жасай бастап, сол сәтке дейін тұрақтана алса, кәсіпкер салымшы болады. Бұл жетекшінің жаңа жобаларға салу керек болатын қаражаттарының бос бөлігі пайда болғанымен байланысты. Уақыт өте келе жұмыс қарқынды жүріп, жоғарғы деңгей көсбасшыға табан басады. Енді олар өзгелердің үлгілеріне бағытталмайды, өзінің ісінде өзі сол бағыттарды басқалар үшін енгізеді.

Міне, осыған ұқсас деңгейлерден кәсіпкер өтеді. Онымен қоса, барлығы осы үлгіде болуы шарт емес – әркімнің таңдауы әртүрлі. Және әркім өзінің қызығушылығына қарай әрекет етеді. Біз сенімен осы мәліметтермен кәсіпкерлердің де бастапқы және алға жүруге бағытталған деңгейлері бар екенін түсініп, елестете алуың үшін бөлістік. Бірден алға жүруге бағытталған деңгейге қол жеткізу мүмкін емес, оған бәрінен бұрын уақыт, күшің және талпынысың аз кетпейді.

Егер сенің басты кейіпкер секілді өз ісіңді ашуға талпынысың болса, қазірден бастап кәсіпкерге керекті қасиеттер мен қабілеттерді өз бойыңда дамыта аласың. Табысты кәсіпкердің артында қашанда күнделікті жасалған және жасалыпта жүрген ерең еңбек жатқанын түсіну қажет. Ал сен оған дайынсың ба?